



**ЖЭҚ ШГБ ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСЫНЫҢ ФОРМАТЫ
ЖӘНЕ ОНЫ ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

Жалпы нұсқаулар

Жобалық ұсыныста стандартты мұқаба парағы, бір беттегі мазмұны болуы керек және мәтін жиырма беттен аспауы тиіс (жұмыс жоспарын, мониторинг жоспарын және т.б. қоса алғанда). Жобаның бюджеті туралы ақпарат бөлімі толығымен толтырылуы қажет. Өтініш баспа түрінде ұсынылуы тиіс.

Жобалық ұсынысқа қажетті қосымша есептеулер мен жобаға қатысты өзге де ақпаратты қамтитын қосымша құжаттар қоса берілуі мүмкін. Жобаға ұйымның мәртебесі мен ағымдағы жай-күйін растайтын құжаттар (жарғының көшірмесі, тіркеу туралы куәлік, салық органынан анықтама және т.б.), ұсынылатын жобаны қолдау, қаржыландыру бойынша міндеттемелер немесе ұйымдар тарапынан қатысу мен қолдаудың басқа да индикаторлары және жобаға қоғамдастықтың қолдауы мен қатысуын растайтын дәлелдемелер де қоса берілуі қажет. Сонымен қатар гранттық қаражатты аудару көзделіп отырған Ұйымның шоты туралы толық банктік ақпараты бар банктен анықтама ұсыну керек.

Банктің немесе бөлімшенің атауы (толығымен)

Банктің толық мекенжайы

Ұйымның шот нөмірі (KZT-де)

Банктің Swift

Бұдан басқа, ұйымның шотында қандай да бір берешектің жоқтығы туралы банктен анықтама беру қажет.

Жобалық ұсыныс пен барлық қосымшалардың нақты әрі анық көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Барлық растайтын құжаттарда (қосымшаларда) жобаның атауы болуы керек. Өтінім барлық қосымшалармен бірге sqp.kz@undp.org электрондық мекенжайы бойынша ұсынылуы тиіс.

Жобалық ұсынысты дайындау кезінде сіз төменде көрсетілген ереженің негізгі тармақтарын ұстануыңыз керек. Бұл Сіздің өтініміңізді қарау кезінде Ұлттық үйлестіру комитеті (ҰҰК) ескеретін негізгі мәселелер. Ережелер жоспарына енгізілген барлық тізім тармақтары көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Әр бөлімге бөлінген беттер саны шекті көлем болып табылады. Қажетті ақпарат аз беттерде де ұсынылуы мүмкін, алайда ұсынылған көлемнен аспауға тырысу керек.

ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ МАЗМҰНЫ

Мазмұны

1-БӨЛІМ. ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ БІРІНШІ ПАРАҒЫ/МҰҚАБАСЫ

А СЕКЦИЯСЫ: ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Б СЕКЦИЯСЫ: ҰЙЫМНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ ӘЛЕУЕТІ

2-БӨЛІМ. ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫ

А СЕКЦИЯСЫ: ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Жобаның қысқаша түйіндемесі
2. Жобаның негіздемесі
3. Жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
4. Жоба бойынша қызметтің сипаттамасы (міндеттердің әрқайсысы шеңберінде)
5. Жобаны іске асыру жоспары мен кестесі
6. Қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ету жоспары
7. Жобаға әйелдерді, жастарды және мүмкіндігі шектеулі жандарды тарту
8. Ықпал ету – орнықтылық, кеңінен тарату және көбейту
9. Жобаның инновациясы
10. Білімді басқару және ақпаратты тарату жоспары
11. Жобаның орнықтылығы

Б СЕКЦИЯСЫ: ЖОБА ТӘУЕКЕЛДЕРІ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Жобаның сәтті орындалуына кедергі келтіретін тәуекелдер (1 беттен артық емес)
2. Жобаны мониторингтеу және бағалау жоспары, индикаторлары (2 беттен артық емес)
3. Жоба нәтижелерінің индикаторлары

В СЕКЦИЯСЫ: ЖОБА БЮДЖЕТІ

1. Жоба бюджетінің жиынтық ведомосы
2. Өтініш берушінің, жергілікті қоғамдастықтың және басқа тараптардың үлестерінің толық жазылуы
3. Жоба бойынша жоспарланатын шығыстардың сметасы (ЖЭҚ ШГБ қаражаты)
4. Бюджет бойынша шығындарды толық жазу

1-ҚОСЫМША

1-БӨЛІМ. ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ БІРІНШІ ПАРАҒЫ/МҰҚАБАСЫ

А СЕКЦИЯСЫ: ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Жоба № _____ (тек ЖЭҚ ШГБ пайдалану үшін. Мұнда ештеңе жазбаңыз)

Жобаның атауы: _____

(Атауы қысқа болуы әрі жобаның мәнін көрсетуі және ЖЭҚ ШГБ қызметінің басым бағыттарына сәйкес келуі тиіс)

Ұйымның атауы: _____

Пошталық мекенжайы: _____

Нақты мекенжайы: _____

Телефон нөмірі: _____ Электрондық пошта: _____

Жоба бойынша басты жауапты тұлға _____ (Т. А. Ә. және лауазымы, телефон нөмірі

мен эл.поштасы)

Өтініш беруші ұйымның басшысы _____ (Т. А. Ә. және лауазымы, телефон нөмірі

мен эл.поштасы)

Жобаның ЖЭҚ ШГБ өлшемшарттары бойынша жіктелуі:

Жоба қызметінің тақырыптық бағыты (төменде көрсетілгендердің бірін атап өтіңіз) • Климаттың өзгеруі • Жердің тозуын төмендету • Климаттың өзгеруі және жердің тозуын төмендету	
Жобаның болжамды басталу күні (жобаны ЖЭҚ ШГБ-ға берген күннен бастап кем дегенде 2 ай)	Жобаның ұзақтығы айларға шаққанда (18 айдан аспайды)

Қаржыландыру (АҚШ долларымен)

	АҚШ доллары
ЖЭҚ ШГБ-дан сұратылатын сома	
Жобаның барлық қатысушылары тарапынан салымдар сомасы	
Жобаның жалпы құны	

[Жобалық ұсыныстың жасалған мерзімі: күні, айы, жылы]

Б СЕКЦИЯСЫ: ҰЙЫМНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ ӘЛЕУЕТІ (1 БЕТТЕН АРТЫҚ ЕМЕС)

Бұл бөлімде өтініш беруші ұйымның ұсынылған жобаны сәтті орындауға тәжірибесі, әлеуеті және ұмтылысы бар екендігін нақты көрсетуі қажет. Бұл бөлімде басқа сұрақтармен қатар мыналар қамтылуы тиіс:

- Өтініш беруші ұйымның түрі – жергілікті немесе ұлттық ҰЕҰ.
- Ұйым қызметінің мақсаты мен негізгі бағыттары.
- Жобаның орындалуына ұйымның көзқарасы (философиясы), яғни ұйым жобаны қалай және қандай ресурстар есебінен жүзеге асыруды көздейді.
- Ұйым қай уақыттан бері жұмыс істейді және оның жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибесі қандай.
- Ұйымдық құрылым, басқару және әкімшілік ережелер. Жобалық ұсыныс беру мезетіндегі штаттық (жалақы алатын) қызметкерлердің саны.
- Қауымдастықтарға немесе басқа бірлестіктерге, желілерге, топтарға тиесілік және мүшелік.
- Заңды мәртебе, яғни Үкімет бекіткен мекемеде тіркелу. Заңды тіркеу болмаған жағдайда қызметті ұйымдастыру мен іске асырудың негізін көрсету.
- Ұйым жұмыс істейтін нысаналы топ (фермерлер, білім беру нысандары, әйелдер, жастар, осал топтар және т.б.).
- Ұсынылған жобаға қатысты алдыңғы жұмыс тәжірибесі, соның ішінде: климаттың өзгеруінің салдарын азайту және/немесе оларға бейімделу; жердің тозуы; әйелдермен, жастармен, жергілікті қоғамдастықтармен және т.б. жұмыс, серіктестік жобалар мен бастамаларға қатысу, әлеуетті арттыру бастамалары және т.б.
- Ұйымның ЖЭҚ ШГБ -мен бұрынғы тәжірибесі бар ма (мысалы, грант алушы, серіктес және т.б. ретінде)? Егер бар болса, ұйымның ШГБ-мен жұмыс істеуге қалай қатысқанын сипаттаңыз, оның ішінде ол қатысқан жобалар мен алынған гранттар.

2-БӨЛІМ. ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫ

А СЕКЦИЯСЫ: ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Жобаның қысқаша түйіндемесі (1 беттен артық емес)

Жобаның мазмұны жобалық ұсыныста қамтылған негізгі ойлардың қысқаша сипаттамасы болуы керек. Ол *жоба ауқымын сипаттаудың қысқаша түйіндемесін* қамтуы тиіс (жобаның жұмысы жоспарланатын негізгі экожүйені (дала, жартылай шөлді немесе шөлді) белгілеу керек, жоба аумағындағы фокустық экожүйе үшін бар негізгі проблемалар мен қауіптерді қысқаша сипаттау, жоба аумағының өзін сипаттау, оның сипаттамаларын жобаның бағытына сүйеніп, жобаның пайда болу себебін негіздеу/түсіндіру – жобаны жергілікті контекстіге байланыстыра отырып шешілетін негізгі экологиялық проблеманың негіздемесі), бұдан әрі: *жобаның мақсаттары мен міндеттері, жоба бойынша негізгі қызмет, жобаның фокустық ландшафттың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық орнықтылығын дамыту жөніндегі стратегияны іске асыруға қалай үлес қосатынын белгілеу* (оның қандай компоненттеріне, қандай жолмен, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты фокустық ландшафт аумағындағы жобаның арқасында не өзгереді), *күтілетін нәтижелерді белгілеу* (нәтижелер сандық және сапалық көрсеткіштерді, атап айтқанда жобадан тікелей және жанама пайда алатын адамдардың санын, орнықты басқару жүйесі енгізілетін жер көлемін, CO₂ шығарындылары азайтылатын тоннасын және т.б. қамтуы тиіс).

Жоба қандай күштермен және қай жергілікті қоғамдастық негізінде жүзеге асырылатынын, қандай серіктестер тартылатынын, жобадағы әйелдердің рөлі қандай екенін, жергілікті, өңірлік және ұлттық дамудың мемлекеттік бағдарламаларымен, сондай-ақ басқа да бағдарламалар мен жобалармен байланысы қандай екенін де сипаттап өту қажет. Сонымен қатар жоба Орнықты даму мақсаттарының қайсысына және қалай үлес қосатындығын белгілеу қажет. Жобаның қысқаша түйіндемесі жоба құжатының негізгі мазмұны болып табылады және бүкіл жоба туралы қысқа әрі нақты түсінік беруі керек.

2. Жобаның негіздемесі және бастапқы деректер

Төмендегілерді сипаттаңыз:

- Жоба қоршаған орта мен дамудың жаһандық мәселелеріне қатысты шешуге ниетті міндеттер.
- ШГБ 7 стратегиялық бағыттары мен басымдықтарына сәйкестігі.
- Жоба жергілікті, аудандық немесе мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалар сияқты басқа да тиісті бағдарламалармен, ЖЭҚ және БҰҰДБ-ның басқа жобаларымен, ведомстволарға көмек көрсету жөніндегі халықаралық және шетелдік агенттіктердің жобаларымен және қоғамдастықтардың, ҮЕҰ және/немесе жеке сектордың басқа да қызмет түрлерімен қалай ұштасады. Бұл жоба бойынша жұмыс дараланған, жекелеген бастама болмайтындығын қамтамасыз етеді. Жобаның Орнықты даму мақсаттарына қосатын үлесін де көрсету қажет.
- Жоба стратегияда белгіленген қызметтің басым бағыттарында фокустық ландшафттың (облыстың) әлеуметтік, экологиялық және экономикалық орнықтылығын арттыру стратегиясына қандай үлес қосады.

3. Жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері (2 беттен артық емес)

Бұл бөлімде ұсынылған жобаның не орындайтындығы туралы анық және нақты мәлімдеме болуы керек. Мыналар көрсетілуі тиіс:

- Жоба қандай проблеманы шешуге бағытталғандығын көрсету. Белгіленген проблеманың пилоттық өңір (облыс) шегінде фокустық экожүйеге (дала, жартылай шөл немесе шөл) қалай кері әсерін тигізетінін, экология аспектісінде фокустық экожүйеге, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму аспектісінде сол жергілікті қоғамдастықтарға осы әсердің салдары қандай болатынын белгілеу қажет.
- Ұсынылатын жобаның басты мақсаты, міндеттері. Олар жобаның белгіленген мәселені шешуге қандай үлес қосатыны, қандай қадамдар жүзеге асырылатыны туралы нақты түсінік беруі керек.

4. **Жоба бойынша қызметтің сипаттамасы (жоба міндеттерінің әрқайсысы шеңберінде),**
(2,5 беттен артық емес)

Бұл мәселенің нәтижесіз мәлімдемесі қаржыландырудан бас тартудың негізгі себебі болуы мүмкін екенін ескеріңіз, өйткені бұл жоба барысында орындалатын негізгі компонент.

5. Жобаны іске асыру жоспары мен кестесі (2 беттен артық емес)

Осы бөлімдегі жобаның міндеттері 1.3-бөлімдегі міндеттерге нақты сәйкес келуі тиіс.

[illegible]

Мониторинг пен бағалау																				
а. Аралық шолу және есеп беру																				
б. Қорытынды шолу және есеп беру																				

6. Қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ету жоспары (1 беттен артық емес)

Мүдделі қоғамдастықтардың (ақсақалдар/ардагерлер, жастар, әйелдер, халықтың осал топтары және т.б. сияқты топтарды қоса алғанда) жобаны әзірлеуге қалай қатысқанын және жобаны іске асыруға қатысатынын егжей-тегжейлі сипаттаңыз:

- Жобалық ұсынысты жоспарлау және әзірлеу;
- Жобаны орындау;
- Жобаны іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында оны мониторингтеу және бағалау.

Бұл осы жобаның жергілікті қоғамдастық тарапынан түсіністік пен қолдаудың бар-жоғының және қоғамдастықтың жобаға қатыстылық сезімі бар-жоғының негізі болып табылады. Сонымен қатар жергілікті қоғамдастықтың нақты рөлі және жобаны жүзеге асыру мен нәтижеге қол жеткізуге қосқан үлесі қандай болатындығын көрсетеді.

7. Жобаға әйелдерді, жастарды және мүмкіндігі шектеулі жандарды тарту (1 беттен артық емес)

Жобаның:

- ерлер мен әйелдердің рөлдері мен қажеттіліктерін (әйелдердің қажеттіліктеріне ерекше назар аудара отырып),
- басқа әлеуметтік осал топтарды (жастар мен мүгедектер), сондай-ақ бұл
- жобаның бюджетіне, нәтижелері мен пайдасына қалай әсер ететінін ескеретіндігін сипаттаңыз.

8. Ықпал ету – орнықтылық, кеңінен тарату және көбейту

Жобаның ұзақ мерзімді әсерінің орнықтылығын экологиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан сипаттаңыз. Жобаның әсері аяқталғаннан кейін көптеген жылдар бойы жалғасуын қамтамасыз ету үшін жоба аяқталғанға дейін, оның барысында және одан кейін жасалуы мүмкін қадамдарды да сипаттаңыз. Бұған қызметті жалғастыру/нәтижелерді басқару, қаржыландыру көздері және басқа да қажетті шаралар кіреді.

9. Жобаның инновациясы (1 беттен артық емес)

Жобаның инновациялық аспектілерін, соның ішінде ресурстарды ұйымдастырудың жаңа әдістері, қоғамдастық ішіндегі өзара әрекеттесу тәсілдері, қолданыстағы өнімдерді/қызметтерді/жеткізу процестерін жақсарту, сондай-ақ түпнұсқа өнімдер/қызметтер/жеткізу модельдері, жергілікті бастамалар және топтарды ұйымдастыруды сипаттаңыз.

10. Білімді басқару және ақпаратты тарату жоспары (1 беттен артық емес)

Жоба аясында қол жеткізілген тәжірибелерді, алынған сабақтарды және ең жақсы тәжірибелерді жинау, талдау, тарату және ілгерілету жоспары қалай жүзеге асырылатынын сипаттаңыз. Сонымен қатар жобалық қызмет, нәтижелер және т.б. жергілікті қоғамдастық мүшелерімен, басқа ҰЕҰ және серіктестермен қалай талқыланатынын, сондай-ақ жобаның нәтижелері жергілікті деңгейде, жергілікті көпфункционалды платформалар арқылы ілгерілейтіндігін және т.б. сипаттаңыз. Жергілікті деңгейде хабардарлықты арттыру жоспарын да сипаттаңыз және ол қойылған мақсаттар мен нәтижелерге қалай қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігін көрсетіңіз.

11. Жобаның орнықтылығы (1 беттен артық емес)

Жобаның ұзақ мерзімді әсерінің орнықтылығын қоршаған орта тұрғысынан да, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да сипаттаңыз. Орнықтылық ЖЭҚ/ШГБ қаржыландыратын барлық

жобалардың маңызды аспектісі болып табылады. Өтінім ЖЭҚ/ШГБ қаражатын біржолғы беру аяқталғаннан кейін де жоба бойынша қызмет пен ұйымның жұмыс істеуі көптеген жылдар бойы және одан кейін жалғасуын қамтамасыз ету үшін жобаны орындағанға дейін, оны іске асыру кезінде және ол аяқталған кезде қабылданатын қадамдарды белгілеуі тиіс.

Б СЕКЦИЯСЫ: ЖОБА ТӘУЕКЕЛДЕРІ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Жобаның сәтті орындалуына кедергі келтіретін тәуекелдер (1 беттен артық емес)

Жоба бойынша күтілетін нәтижелердің алынбауына алып келуі мүмкін негізгі тәуекелдер факторларын көрсетіңіз және санамалаңыз. Мұнда сіз ішкі факторларды да (мысалы, пайдаланылған технология жоспарланғандай жұмыс істемеді) және сыртқы факторларды да (мысалы, жоба бойынша экономикалық есептеулердің өзгеруіне әкелетін валюта бағамының айтарлықтай ауытқуы) көрсетуіңіз керек. Белгіленген ықтимал тәуекелдерді азайту шараларын сипаттаңыз.

Белгіленген жобалық мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жобаны іске асыру барысында тәуекелдерді теңестіруге мүмкіндік беретін іс-шаралардың сипаттамасын да осы бөлімге қосыңыз.

№	Ішкі және сыртқы тәуекелдер	Тәуекелдің басталуын азайтуға көмектесетін шаралар / Салдарын азайтудың ықтимал шаралары (егер ол орын алса)
1		
2		
3		

2. Жобаны мониторингтеу және бағалау жоспары, индикаторлары (2 беттен артық емес)

Бұл бөлімде жобаны орындау кезінде де мониторинг және бағалау жоспары түсіндірілуі керек (ағымдағы мониторинг және аралық бағалау) және ол аяқталғаннан кейін де (қорытынды мониторинг және бағалау).

Мониторинг және бағалау жоспары жұмыс жоспары мен кестесімен әрі бюджетпен өзара байланысты болуы тиіс.

Бөлімде көрсетілуі тиіс негізгі мәселелер:

- Жобаның орындалуы жобаны іске асыру жоспарында келтірілген кезеңдер мен деңгейлерге қол жеткізу негізінде қалай бақыланады;
- Жобаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу негізінде жобаның әсері қалай бағаланады;
- Мониторинг және бағалау нәтижелері бойынша жауап іс-шараларының негізінде жобаны іске асыру барысында ниеттер мен жоспарларға түзету мен өзгерістер қалай жүзеге асырылады;
- Жоба мониторингі мен бағалау процестеріне қоғамдастық мүшелерінің қатысуына қалай қол жеткізіледі.

Жобаның мақсаты									
1-ші міндет.									
Міндет бойынша қызмет	Жауапты тарап	Орындалу индикаторы	Жұмыстарды бағалау мониторингінің кестесі (айлар бойынша немесе тоқсан сайын)						
1.1.									
1.2.									
1.3									
1.4.									
2-ші міндет.									
2.1									
2.2									
2.3									
2.4									

3. Жоба нәтижелерінің индикаторлары

Жобалық ұсыныс формасына 1-қосымшаны толтырыңыз.

В СЕКЦИЯСЫ: ЖОБА БЮДЖЕТІ

1. Жобаның бюджеті (2,5 беттен артық емес)

Жоба бюджетінің сипаттамасы ЖЭҚ/ШГБ жобалық ұсынысының маңызды бөлігі болып табылады және ұсынылатын жобаны қаржыландыру қаралғанға дейін аяқталуы тиіс. Жоба қаржыландыру үшін бекітілгеннен кейін, бюджет туралы ақпарат ЖЭҚ/ШГБ мен өтініш беруші ұйым арасындағы заңды күші бар шарттың бөлігі болады.

Қаржыны басқару мәселелеріне ерекше назар аудару жобаның тиімділігі мен нәтижелігін арттыруға мүмкіндік береді. Жоба бюджетін дайындау кезінде мынадай негізгі маңызды қағидаттарды есте ұстаған жөн:

- Жобаның барлық бюджеті (сұралған грантты және қатысушылар мен серіктестердің салымдарын қоса алғанда) АҚШ долларында көрсетілуі керек.
- Қызметті тиімді іске асыруға және өтінімде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге тікелей қатысы бар шығыстарды ғана қамтуы тиіс. Басқа байланысты шығындар, басқа көздерден қаржыландырылуы керек.
- Бюджет шынайы болуы керек. Жоспарланған қызметтің нақты құны қандай екенін анықтаңыз және шығындарды нақты құнға негіздеңіз.
- Жобаны басқаруға байланысты шығындар бюджетке қосылуы қажет.
- Жобаның бюджетіне жобаны мониторингтеу мен бағалауға арналған шығыстар енгізілуі тиіс.
- Қызметкерлердің жалақысы және кеңсені жалға алу сияқты әкімшілік үстеме шығыстарды ЖЭҚ/ШГБ қаржыландырмайды. Сондықтан олар қаржыландыру өтінімінің бөлігі бола алмайды. Дегенмен, жобаны сәтті іске асыруды қамтамасыз ету үшін қаржы маманына және жобалау жұмыстарының орындалуын үйлестіру және бақылау жөніндегі маманға (Техникалық тапсырмада белгіленген міндеттерге сәйкес сарапшылар ретінде) жоба жұмысының кезеңіне арналған шығыстар көзделуі мүмкін.
- ЖЭҚ/ШГБ қаражаты бекітілген бюджетке сәйкес жұмсалуды тиіс.
- Барлық тиісті қаржылық есептер қолжетімді болуы керек. Олардың тәуелсіз аудиті жүргізілуі мүмкін және олар (есептер) жұртшылыққа қолжетімді ақпарат болуы мүмкін.
- Бюджет баптары ақшаның қайда жұмсалатынын шешуге көмектесетін жалпы санаттар болып табылады. Егер сіз жоспарланған шығындар стандартты санаттардың ешқайсысына сәйкес келмейді деп ойласаңыз, оларды «Басқа шығындар» бөлімінде келтіріп, қанша қаражат және нақты не жұмсалатынын көрсетіңіз.
- Бөлімдегі цифрлар бірінші бетте және өтінім мәтінінде келтірілген цифрларға сәйкес келуі тиіс.
- ЖЭҚ/ШГБ грантына өтінімдер бір операциялық кезең шеңберіндегі бір жоба үшін елу мың АҚШ долларынан (US\$ 50,000) аспауы тиіс.
- Бюджетті қалыптастыру және оны жылдар бойынша бөлу кезінде жобаның жұмыс жоспарына сүйену керек, сондай-ақ грант бойынша төлемдер (ЖЭҚ/ШГБ ҰҰК жобаны мақұлдаған жағдайда) бірнеше траншпен (әдетте жобаның барлық кезеңінде 4 транштан аспайтын) жүзеге асырылатынын ескеру қажет. Транштар әдетте былай бөлінеді: 1-ші транш – грант сомасының 30%-дан 50%-на дейін, 2-ші транш – 40%-дан 60%-ға дейін, соңғы транш – грант сомасының 10% (барлық жобалық жұмыстар аяқталғаннан кейін және барлық бағдарламалық және қаржылық есептер гранттың барлық сомасы бойынша тапсырылғаннан кейін төленеді).
- Әрбір келесі транш грант алушы ЖЭҚ/ШГБ-ға барлық қажетті есептерді бергеннен кейін ғана төленеді (ЖЭҚ/ШГБ қағидаларына, талаптары мен форматына сәйкес) және бұл есептерді ЖЭҚ/ШГБ бекітеді.

1. Жоба бюджетінің жиынтық ведомосы (АҚШ долларымен)

Қаржыландыру көзі	Қаржыландыру жоспары	Жиыны
-------------------	----------------------	-------

	2024	2025	
ЖЭҚ ШГБ-дан сұратылатын грант сомасы			
1-ші салым (ұйымның атауын көрсету – бірлесіп қаржыландыру көзі)			
2-ші салым (ұйымның атауын көрсету – бірлесіп қаржыландыру көзі)			
3-ші салым (ұйымның атауын көрсету – бірлесіп қаржыландыру көзі)			
4-ші салым және т.б.			
Жобаның жалпы құны			

2. Өтініш берушінің, жергілікті қоғамдастықтың және басқа тараптардың үлестерінің толық жазылуы

ЖЭҚ/ШГБ бірлесе отырып шығындарды жабуға үлкен мән береді. Сондықтан өтініш беруші ұйымдардың, сондай-ақ жобаның басқа серіктестерінің жоба шығындарына қандай да бір үлес қосуы өте маңызды.

Барлық бірлескен шығындар (ақшалай және материалдық нысанда) төменде көрсетілгендей егжей-тегжейлі көрсетілуі керек. Мұнда салымның көздері мен сипатын сипаттау қажет (ақшалай немесе заттай, мысалы, жастар ұйымының жұмысы, жер учаскесі, ресурстар, қолма-қол ақша және т.б.). Салымды бөлу қазірдің өзінде бекітілген бе, әлде ол тек жоспарланған ба, соны көрсетіңіз.

Жобаның әрбір қатысушысының (ҮЕҰ-өтініш беруші, жергілікті қоғамдастық, жергілікті әкімшілік және т.б.) салымдары кестелік нысанда белгіленуі тиіс. Жобаның әр қатысушысына арналған кестені бөлек толтырыңыз. Әрбір қатысушының салымы осы немесе басқа соманың қалай алынғанын ашып көрсетумен егжей-тегжейлі жазылуы тиіс.

Салым (ұйымның атауын көрсету – бірлесіп қаржыландыру көзі)

Салым көзі	Салым түрі (заттай немесе ақшалай)	Салым бекітілді ме, әлде жоспарланған ба?	Салым сомасы
1. Салымның сипатын көрсетіңіз (мысалы техниканы жалға алу)			
2. Салымның сипатын көрсетіңіз (мысалы, кеңсені жалға алу)			
Барлығы			

3. Жоба бойынша жоспарланатын шығыстардың сметасы (ЖЭҚ ШГБ қаражаты, АҚШ долларымен)

Жылдар бойынша шығыстарды бөлу ЖЭҚ ШГБ ҰҰК мақұлдаған жағдайда грант бойынша транштарды (төлемдерді) қалыптастыруға негіз болады. Сондықтан, бюджетті жылдар бойынша пысықтау кезінде жобалық қызметті шығындарға нақты байланыстыру керек.

Шығыстар санаты	2024	2025	Жалпы сомасы
1. Жабдықтар/Материалдар			
2. Тренингтер / Конференциялар / Сапарлар / Семинарлар			
3. Келісімшарттар			
4. Басқа шығындар			
5. Күтпеген шығындар (3%-дан аспауы керек)			
Жобаның жалпы құны			

4. Бюджет бойынша шығындарды толық жазу (тек ШГБ-дан сұралатын қаражат)

№	Бюджет бабы	Өлшем бірлігі	Бірліктер саны	1 бірлік үшін бағасы	Сомасы (\$)
1.	Жабдықтар/Материалдар				
	БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНЫ:				
2.	Тренингтер / Конференциялар / Сапарлар / Семинарлар				
	БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНЫ:				
3	Келісімшарттар				
	БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНЫ:				
4.	Басқа шығындар				
	БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНЫ:				
6.	Күтпеген шығындар				
	БЮДЖЕТ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ:				

1-ҚОСЫМША: ИНДИКАТОРЛАР

Жобалық нәтижелерді бақылау және бағалау үшін негіз бола алатын бүкіл жобаның орындалуының және оның әсерінің нақты әрі өлшенетін индикаторларын беру қажет. Индикаторлар тізімі нақты жобаның нәтижелеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Сіздің жобаңызда қандай индикаторлар қолданылуы керек екенін анықтау үшін

Сіз ЖЭҚ ШГБ-ға жүгіне аласыз.

Жер ресурстарының тозуы

Жобаның күтілетін нәтижелерінің сандық сипаттамаларын көрсетіңіз:

- Қалпына келтірілген жер көлемі, га:
- Жер және су ресурстарын орнықты басқару әдістері қолданылатын ландшафттардың ауданы, га:
- Тұрақты агроэкологиялық тәжірибелерді және жерді басқарудың тұрақты схемаларын қабылдайтын үй шаруашылықтарының саны (жынысы және балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған аналар басқаратын үй шаруашылықтарының саны бойынша):

Климаттың өзгеруі

Жобаның күтілетін нәтижелерінің сандық сипаттамаларын көрсетіңіз:

- Парниктік газдар шығарындылары азайтылды, CO₂ метрикалық тоннасы:
- ЖЭҚ және энергияны үнемдейтін технологиялар мен өндірістік пайдалануға арналған шешімдерді пайдалануға тартылған немесе пайда көрген ұйымдардың саны (мектептерді, колледждерді, фермерлік ұйымдарды және т.б. қоса алғанда):

Жергілікті қоғамдастықтардың орнықты дамуы (барлық басым тақырыптық бағыттар мен жобалар санаттары үшін)

Жобаның күтілетін нәтижелерінің сандық сипаттамаларын көрсетіңіз:

- Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын және оның нәтижелерінен пайда көрген қоғамдастық мүшелерінің саны (жынысы мен жасына қарай бөле отырып):
- Жобаны іске асырудан жанама пайда алған жергілікті қоғамдастық мүшелерінің және басқа серіктестердің саны (тренингтер, семинарлар және т.б. арқылы):
- Орнықты және/немесе баламалы тәжірибелерді қолдану нәтижесінде кіріс деңгейін жоғарылатқан бенефициарлардың пайызы (гендерлік бөлініс тұрғысынан) және кірістер қанша %-ға жоғарылады:

Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту (жобалардың барлық басым тақырыптық бағыттары мен санаттары үшін)

Жобаның күтілетін нәтижелерінің сандық сипаттамаларын көрсетіңіз:

- Тікелей қолдау көрсетілген осал топтар өкілдерінің саны:
- Жобаны іске асыру процесіне белсенді қатысатын әйелдер саны, яғни жобаны басқару, әлеуетті арттыру жөніндегі іс-шаралар және т.б. және олардың жобаға қатысушылардың жалпы санына қатысты %-ы:
- Жобаға тартылған мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың мүдделерін білдіретін ұйымдардың саны:
- Тікелей қолдау көрсетілген мүмкіндігі шектеулі адамдардың саны:
- Жобаға тартылған жастар ұйымдарының саны:
- Тікелей қолдау көрсетілген жастар саны.

Саясатқа, әлеуетті дамытуға және инновацияларға әсер ету (барлық басым тақырыптық бағыттар үшін)

Жобаның күтілетін нәтижелерінің сандық сипаттамаларын көрсетіңіз:

- Жоба шеңберінде құрылған консультациялық тетіктердің саны:
- Жергілікті қоғамдастық деңгейіндегі қоршаған ортаны бақылау жүйелерінің саны:
- Инновациялар немесе жаңа әзірленген/пайдаланылған технологиялар саны:

- Қол жеткізілген сапа стандарттарының/фирмалық маркалардың немесе енгізілген инновациялық қаржы тетіктерінің саны:
- Әсер еткен жергілікті немесе өңірлік стратегиялардың/тәсілдердің/тәжірибелердің саны (әсер ету деңгейі 0 – 1 – 2 – 3 – 4):
- Жоба жазу, мониторинг және бағалау және т.б. тақырыптар бойынша оқытылған адамдар саны: